

Ойыл

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ ҚАШАН ЖОЛҒА ҚОЙЫЛАДЫ?

КӨЛІК ҚАТЫНАСЫ – КЕЗ КЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТЕ ҮЛКЕН МАҢЫЗҒА ИЕ. ОЛ ТЕМІР ЖОЛДАН ЖЫРАҚ ЖАТҚАН ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ТІПТІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ. КҮРЕ ЖОЛМЕН ЖОЛАУШЫЛАР ҚАТЫНАЙДЫ, ЖҮРКІ ДЕ ТАСЫМАЛДАЙДЫ. БІР СӨЗБЕН АЙТҚАНДА АУДАНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДА «КҮРЕ ТАМЫРЫ». БІРАҚ, ОЙЫЛДА СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ЖОЛДЫҢ «ЖЫРЫМЕН» ҚОСА, ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ ДА ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕ БОЛЫП КЕЛЕДІ.



Көп жылдан бері жолаушылар тасымалы такси қызметіне тәуелді болып келді. «Қазаншының еркі бар». Жеке таксисттер қал-қадірінше қызмет етті. Бірақ, бағаны да, басқаны да өркім өзі «биледі». Жолаушыларды «жер соқтырып» кеткендер де болды. Жолаушылар тасымалын тек табыс көзіне айналдыруға тырысып, тұтынушының құқығы, қызмет көрсету сияқты мәселелерді жиып қойған жүргізушілер әлі де көп. Сондай-ақ, электрондық төлемді қабылдамай, қолма-қол ақша сұрап кергітіндер де бар. Әсіресе, жолаушылардың қозғалысы көп жаз мезгілінде олардың құдайы беріп тұр. Көлік жүргізуге құқығы бар мұғалім де, еңбек демалысына шыққанның бәрі жазда таксист болып кетеді. Әрине, көпке топырақ шашуға бол-

майды. Бірақ, әлгі «бесіктен белі шықпаған» таксисттер осыған дейін тұрақты, әрі сапалы қызмет көрсетіп жүрген байырғы таксисттерге кір келтіріп жүр. Жылдан жылға аудан көлеміндегі жолаушылар тасымалы артып келеді. Бетін әрмен, бірақ жолаушыларға талас пен жол бойындағы жарыстың салдарынан қайғылы аяқталған бірнеше жолкөлік оқиғасы да болды. Бір өкініштісі, жыл сайын жол көлік оқиғаларынан жазым болып жатқандарды айтпағанда, қаза тапқандардың да қатары қалыңдап барады. Оған негізгі себептердің бірі - жолаушылар тасымалы саласында жүйелі жұмыстың жоқтығы. Бір сөзбен айтқанда, біздің ауданның жолаушылар тасымалдау саласында күрмеуі күрделі түйткілдер жетерлік.

Сондықтан, бұл салада қадағалауды қатаңдатып, талап пен тәртіпті күшейтпесе, жүгенсіз кеткен тасымалдаушылардың тәубесіне келер түрі жоқ. Олардың көпшілігінің заңсыз жолаушылар тасымалымен айналысып жүргені де жасырын емес. Оларға тосқауыл қоюдың бірі жолы – бәсекелестікті күшейту. Осыдан бір он күн бұрын Ақтөбе облысында жолаушылар тасымалы мен жол инфрақұрылымын жақсарту мақсатында «Ақтөбе – Ойыл», Ойыл – Ақтөбе» бағытында жарияланған конкурстың жеңімпазы анықталды. Осы конкурстың жеңімпазы жеке кәсіпкер Қанай Ермұхамбетов қызметіне кірісті. Қызмет бағасы да көңілге қонымды. Сондықтан, біз облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы-

ның жолаушылар тасымалы бөлімінің басшысы Есбол Базарғалиевтан осы маршруттың жай-жапсарын сұрадық. - 2025 жылы облысшілік 12 бағыт бойынша жолаушы тасымалдауға автобус шықты. Жуырда Ақтөбе – Ырғыз, Ақтөбе – Ойыл және Ақтөбе – Т. Жүргенев бағыттары іске қосылды. Осыған дейін бірнеше жылдан бері кәсіпкерлердің ықылас танытпауы «Ақтөбе – Ойыл», Ойыл – Ақтөбе» бағытында маршрут ашуға мүмкіндік бермеді. Бізге түскен мәлімет бойынша әзірге сыйымдылығы орташа деңгейдегі бір автобус қатынап жүр. Бір күнде екі бағытта автобус қатынауы керек. Жеңімпаз мердігерге конкурстың талабы түсіндірілді, - деді Есбол Еңсепұлы.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» - КҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІН ТІРЕГІ



Кәсіпкерлердің құқығын қорғау мақсатында «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы Ойыл аудандық филиалы директоры Жасұлан Ержановтың бастамасымен аудан әкімінің міндетін атқарушы Саян Сүлеймен, аудан прокуроры Ақеділ Үсенов пен аудандық полиция бөлімінің бастығы Ардақ Қангелдин Қайыңды ауылдық округінің кәсіпкерлерімен және тұрғындарымен кездесті. Кездесуде алдымен аудан әкімінің міндетін атқарушы Саян Сүлеймен сапардың мақсатын түсіндірді.

Аудан прокуроры Ақеділ Қайсарұлы ауыл тұрғындарына кәсіпкерлердің құқығын қорғау және заң бұзушылықтардың алдын алу бойынша түсінік

берсе, аудандық полиция бөлімінің бастығы Ардақ Қангелдин аудандағы мал ұрлығының алдын-алу, интернет алаяқтыққа жол беру мәселелеріне тоқталып өтті. Тұрғындарды малды тұрақты бағуға шақырды. Осы жиынға арнайы қатысқан аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Арысланбек Алдияров тұрғындарға алдағы жүргізілетін ауылшаруашылығы санағы, мал басын бірдейлендіру, таңбалау сияқты мәселелерді жан-жақты түсіндірді.

Кездесу соңында округ тұрғындарды жеке қабылдап, мұң-мұқтажын тыңдап, әр мәселе жөнінде құқықтық тұрғыда түсініктеме берді.



ОЙЫЛДА ТАС ПАЛУАНЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНДЕ ЖАС СПОРТШЫЛАР МЕН ЕЛГЕ ТАНЫМАЛ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ ӨТТІ. КЕШТІҢ ҚҰРМЕТТІ ҚОНАҒЫ – ГИННЕС РЕКОРДТАР КІТАБЫНЫҢ РЕКОРДСМЕНІ, ХАЛЫҚ АРАСЫНДА ТАС ПАЛУАН АТЫМЕН ТАНЫМАЛ АРМАН СҮЛЕЙМЕН БОЛДЫ.



Ол өзінің қайрат пен төзімділікке толы өнерін көрсетіп, жас ұрпаққа шабыт сыйлады. Арман Сүлеймен – күш өнерін дәріптеп жүрген дара тұлға. Ол армлифтинг пен пауэр-спорт түрлерінен 27 дүркін Әлем чемпионы, 5 дүркін Азия чемпионы, 21 дүркін әлем рекордшысы. Сонымен қатар бірнеше спорт түрінен спорт шебері атағына ие. Қоғам қайраткері ретінде де ел арасында сыйлы. Кездесу барысында Ойыл ауданы әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев аудан әкімі атынан спортшыға алғыс хат пен естелік сыйлық табыстап, шынайы ризашылығын білдірді. Шараға елге танымал журналист, "Қасқа жол" YouTube арнасының авторы және жүргізушісі Жамбыл Зейнолла да қатысты. Ол қоғамға ой салар те-

рең сұхбаттарымен, ұлттық танымды жаңғыртатын жобаларымен танымал. "Балуан тас академиясы" идеясын қолдап жүрген зиялы қауым өкілдерінің бірі ретінде жастарға жүрекжарды лебізін білдірді. Сондай-ақ, "Балуан тас академиясының" президенті, батыр-палуантанушы ғалым, философ, жазушы Абылайхан Мамырайханұлы Қалназаров та кездесуге қатысып, жас ұрпақты ұлттық болмыс пен күш өнерін қадірлеуге шақырды. Ол – бірнеше кітаптың авторы, рухани төбие мен отансүйгіштік мәселелерін ғылыми әрі көркем тілде насихаттап жүрген тұлға. Бұл шара – тек спорттық көрсетілім ғана емес, жас ұрпаққа рух беріп, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтаған тағылымды кездесу болды.

"АУЫЛ FEST"

АУЫЛ РУХЫН АСҚАҚТАТҚАН МЕРЕКЕ

1 ТАМЫЗ КҮНІ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ КӨПШІЛІКТІ БІР АРНАҒА ТОҒЫСТЫРҒАН «АУЫЛ FEST» АТТЫ ҮЛКЕН МӘДЕНИ ШАРАСЫ ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ. «МЕН ТУҒАН АУЫЛ – САРАЛЖЫН, МЕН ҮШІН МӘҢГІ – САРЫ АЛТЫН» ТАҚЫРЫБЫМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН БҰЛ ФЕСТИВАЛЬ ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ ПЕН МАҚТАНЫШ СЕЗІМІН АРТТЫРЫП, АУЫЛ МӘДЕНИЕТІН НАСИХАТТАУДЫ МАҚСАТ ЕТТІ.

Фестиваль Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы орталық саябақта ауыл шаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесімен басталды. Жәрмеңкеде кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары өз өнімдерін ұсынды. Мерекелік кештің негізгі бөлігінде Саралжын ауылдық округінің әкімі Марат Тәжіғалиев жүрекжарды лебізін білдіріп, ауыл тарихы мен жетістігіне тоқталды. Әкім өз сөзінде Мемлекет басшысы жариялаған «Жұмысшы» мамандықтарын дәріптеу жылы аясында жас ұрпақты еңбекке баулудың, кәсіптік білім алудың маңызын айрықша айтты. Сондай-ақ, ауылдан шыққан белгілі азаматтарды



еске алып, олардың өнегелі жолы – жастар үшін жарқын бағдар екенін атап өтті. Арнайы марапаттар табыста-лып, еңбек адамдарына лай-

ықты құрмет көрсетілді. Ал, көрме алаңында фотосуреттер, қолөнер бұйымдары, шеберлердің туындылары қойылса, басқа бөлікте ерлер

арасында асық ату мен ләңгі тебу, әйелдер арасында бес тас ойыны қызып жатты. Шара соңында өткен концерттік бағдарлама ауыл кешіне шырай берді. Өнерпаздар ән мен жырдан шашу шашып, көпшіліктің көңілін көтерді. Осындай сәтте жиналған жұртшылыққа ұлттық тағамдар ұсынылды. «Ауыл fest» - жай ғана мереке емес, ауылға махаббаттың, ұрпаққа жауапкершіліктің көрінісі. Мұндай шаралар ауылдың рухын көтеріп, жас ұрпақтың бойында ұлттық сана қалыптастыруға жол ашады.

Г.АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН РЕЖЕП ТАЙИП ЕРДОҒАН БАҚ ӨКІЛДЕРІ ҮШІН БРИФИНГ ӨТКІЗДІ

ӨЗАРА КЕЛІССӨЗДЕР МЕН ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ 5-ШІ ОТЫРЫСЫНАН KEЙІН ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ ПРЕЗИДЕНТТЕРІ БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІН ЖАСАДЫ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ, ЕҢ АЛДЫМЕН, ТҮРКИЯҒА РЕСМИ САПАРМЕН КЕЛУГЕ ШАҚЫРЫП, ҚАЗАҚ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНА ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ КӨРСЕТКЕНІ ҮШІН БАУЫРЛАС ТҮРІК ХАЛҚЫНА ЖӨНЕ ПРЕЗИДЕНТ РЕЖЕП ТАЙИП ЕРДОҒАНҒА ШЫНАЙЫ РИЗАШЫЛЫҒЫН БІЛДІРДІ.

– Қос халықтың игілігі үшін түбі бір түрік еліне жасаған әр сапардың мән-маңызы ерекше. Президент Режеп Тайип Ердоғанның басшылығымен Түркия өзінің алтын ғасырлық белесін тарихи жетістіктермен қарсы алып жатыр. Еліміз жаңа дәуірге нық қадам басты. Құрметті Президенттің халықаралық сахнадағы саликалы саясатының арқасында Түркия әлемдегі беделді әрі ықпалды, шынайы құрметке ие мемлекетке айналды. Мұның түп негізінде түрік халқының бірлігі, даналығы және қайсарлығы жатыр. Осындай биік белестерді бағындыру – Президент Режеп Тайип Ердоғанның мырзаның қажырлы еңбегінің жемісі деп күмәнсіз айтуға болады. Қазақ азаматтары Президент Режеп Тайип Ердоғанды және бүкіл Түркия елін шын жүректен құрметтейді. Қазақстан Түркияның толайым табысына әрдайым қуанады. Болашағының жарқын болуын тілейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент қазір екі елдің қарым-қатынасы кеңейтілген стратегиялық серіктестікке ұласқанына назар аударып, бүгінгі нәтижелі келіссөздер қос халық арасындағы байланысты жаңа деңгейге көтеретініне сенім білдірді. – Біз бүгін Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 5-ші отырысын өткіздік. Өзара ықпалдастыққа тың серпін беретін басым бағыттарды қарастырдық. Түрлі саладағы байланысты жандандыратын маңызды үкіметаралық құжаттарға қол қойдық. Түркия – сауда-экономика және инвестиция саласындағы басты стратегиялық серіктесіміздің бірі. Осы орайда өзара тауар айналымын ұлғайту мәселесіне баса назар аудардық. Былтыр екі ел арасындағы сауда-саттық көлемі 5 миллиард доллар

ка саласындағы байланысты күшейтуге мүмкіндік мол. Біз елдеріміздің стратегиялық тұрғыдан ұтымды жерде орналасқанын барынша тиімді

шаруашылығын цифрландыру, өнімділікті арттыру және өңдеу өнеркәсібін өркендету ісінде Түркияның жоғары технологиясын пайдалануға қы

Сонымен қатар екі ел президенттері әлемдегі өзекті мәселелерге қатысты пікір алмасты. Қазіргі күрделі кезеңде қарулы қақтығыстардың



пайдалануымыз керек. Қазір Еуропа мен Қытай арасында құрлық жолымен тасымалданатын жүктің шамамен 85 пайызы Қазақстан арқылы өтеді. Осы ретте Транскаспий халықаралық көлік бағдарын, яғни, «Орта дәлізді» дамытудың мән-маңызы зор. Бұл – екі елдің мүддесіне сай келетін бастама. Қазақстан теміржолды жаңғырту, автокөлік жолдарын салу, сондай-ақ Каспий теңізінде кеме қатынасын жандандыру үшін инфрақұрылымды жетілдіру жұмысын қолға алды. Түрік инвесторларын осы жобаларға белсене қатысуға шақырамыз. Үкіметіміз Түркия кәсіпкерлеріне арнайы жеңілдіктер ұсынуға әзір, – деді Президент. Келіссөз барысында тараптар энергетика саласының маңызына да арнайы тоқталды. – Қазір Баку – Тбилиси – Жейхан құбыры арқылы жылына 1,4 миллион тонна қазақ мұнайы Түркияға тасымалданады. Біз оның көлемін арт

зығушылық танытады. Мемлекет басшысы Түркияның қорғаныс және әскери-техникалық бағыттағы зор жетістіктеріне назар аударып, Режеп Тайип Ердоғанды жақында IDEF 2025 халықаралық қорғаныс-өнеркәсіп көрмесінің сәтті өтуімен құттықтады.

Бұдан бөлек, келіссөздер барысында IT-технологияларды бірге дамыту мәселесіне айрықша мән берілді. Мемлекет басшысы еліміздің аталған саладағы жетістіктеріне тоқталып, Қазақстан мен Түркияның IT саласындағы стратегиялық серіктестігін нығайтуға зор мүмкіндік бар екенін мәлімдеді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, мәдени-гуманитарлық байланыс – қазақ-түрік қатынасының алтын көпірі. Соның ішінде білім және ғылым саласының орны ерекше.

– Қазіргі таңда біздің 12 мыңнан астам студентіміз Түркияда, ал 300 түрік студенті Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алып жатыр. Осыған қолдау көрсеткені үшін Түркия Президенті мен Үкіметіне ризашылығымды білдіремін.

Ұзақ жылдан бері Түркістан төрінде Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті табысты жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жанынан Түркияның озық білім ошақтарының бірі – Гази университетінің филиалы ашылмақ. Бұдан бөлек, «Мариф» қорының екі мектебін ашу жұмысын қолға алдық.

Бұл – шын мәнінде, айтулы оқиға. Былтыр қол қойылған келісімге сәйкес, Астана медицина университетінің негізінде Медипол Ыстанбұл жоғары оқу орнының филиалын ашу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Еліміздің медицина қызметкерлерін Түркияның жетекші клиникаларында оқыту және біліктілігін арттыру туралы уағдаластыққа қол жеткіздік. Біз осы игі бастамаларды жалғастырып, білім беру, туризм, медицина саласындағы байланысты одан әрі күшейтуге мүдделіміз. Осы тұста сан қырлы байланыстарды тереңдету мақсатында Түркия азаматтарына Қазақстан аумағында 90 күнге дейін визасыз болу рұқсатын беру туралы шешім қабылданды. Саяхаттаушылар мен кәсіпкерлер үшін бұл қадамның мән-маңызы ерекше деп санаймын. Осындай игі бастамалар достығымызды бекемдеп, өзара сенімді арттырып, жаңа жетістіктерге жол ашады деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ушығуына алаңдаушылық білдіретіндерін жеткізді. Қазақстан мен Түркия президенттері барлық жанжал мен қақтығыс дипломатиялық келіссөздер арқылы бейбіт жолмен шешілуі қажет деп есептейді. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанның Ресей мен Украина арасындағы жанжалды реттеу ісіндегі айрықша рөлін атап өтті.

– Бұл – Сіздің беделіңіз бен ықпалыңыздың айқын дәлелі. Қос елдің Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау қажеттілігі жөніндегі ұстанымы – ортақ. Қазақстан әрбір елдің аумақтық тұтастығы сақталуы керек деген ұстанымды қорғайды. Қазақстан мен Түркия халықаралық аренадағы тиімді ықпалдастығын жалғастыра береді. Қазақстан дипломатиясы Түркі мемлекеттері Ұйымының одан әрі дамуына баса мән бермекші. Осы бағытта Түркия тарапымен бірлесіп жұмыс істей береміз. Жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін күш-жігерімізді біріктіреміз. Осы тұста Қазақстанның халықаралық бастамаларына көрсетіп жатқан қолдауына, соның ішінде Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңесті дамытудағы Түркияның үлесіне ерекше ризашылық білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Түркия Президенті бүгінгі келіссөздердің нәтижелі болғанын атап өтті.

– Қазақстан – аймақтағы экономикасы ең ірі ел және біздің негізгі серіктесіміз. Бүгін біз қорғаныс пен энергетикадан бастап, көлік, ғылым мен технологияға дейінгі кең ауқымды салалар бойынша пікір алмастық. Біз тау-кен, сирек кездесетін металдар бағытындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін қарастырдық. Қазақстан мұнайын Түркия арқылы әлемдік нарыққа экспорттау мүмкіндіктерін талқыладық. Тарихи Жібек жолының қазіргі баламасы – Транскаспий көлік бағдарын пайдалану және дамыту жолдарын қарастырдық, – деді Режеп Тайип Ердоған. Бұдан бөлек, Түркия Президенті туризм саласындағы ынтымақтастық перспективасына тоқталып, түрік азаматтарына Қазақстанда 90 күн визасыз жүруге рұқсат беру туралы шешім қабылдағаны үшін Мемлекет басшысына ризашылығын білдірді.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі келіссөздердің табысты өткені үшін Режеп Тайип Ердоғанға алғыс айтып, Түркия Президентін өзіне ыңғайлы уақытта Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

ЖҰМЫССЫЗ АЗАМАТТАРДЫҢ МӘМС-КЕ ҚАТЫСУ МҮМКІНДІГІ АРТАДЫ

2026 жылдан бастап елімізде 1 миллионға жуық азамат жоспарлы медициналық көмекпен қамтылады. Бұл туралы ҚР Денсаулық сақтау министрлігі әзірлеген жаңа бұйрық жобасында айтылған. Аталған құжат 2025 жылғы 14 шілдеде қабылданған «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және медициналық қызмет көрсету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №206-VIII ҚРЗ Заңына сәйкес әзірленген. – Жоба Мемлекет тарапынан әлеуметтік әл-ауқаты дағдарыстық немесе төтенше деңгейдегі жұмыссыз ретінде

тіркелген азаматтар үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек алу мақсатында жергілікті бюджет есебінен жарна төлеу тәртібін нақтылау үшін жасалды, – делінген құжат мәтінінде. Сонымен қатар 2026 жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен қосымша шамамен 1 миллион адамды (5%) МӘМС жүйесіне қосу жоспарланып отыр. Бұл халықтың денсаулығын жақсартуға және жалпы ұлттық әл-ауқатты арттыруға сеп болмақ. Жоба «Ашық НҚА» порталында жарияланып, 18 тамызға дейін қоғамдық талқылауға ұсынылған.

kaz.inform.kz

ҚАМҚОРШЫЛАР МЕН ҚОРҒАНШЫЛАР ЕНДІ ҚАМҚОРЛЫҒЫНДАҒЫ АЗАМАТТАРДЫҢ МҮЛКІН БАСҚАРУҒА РҰҚСАТТЫ EGOV MOBILE АРҚЫЛЫ РӘСІМДЕЙ АЛАДЫ

Қамқоршылар мен қорғаншылар енді қамқорлығындағы азаматтардың мүлкі мен әлеуметтік төлемдерін басқаруға рұқсат алу қызметін тек eGov.kz порталынан ғана емес, eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы да пайдалана алады. Қызмет сот шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе шектеулі әрекетке қабілетті деп танылған көмелетке толған азаматтардың заңды өкілдеріне арналған. Ол тегін көрсетіледі және зейнетақы мен жәрдемақыны алу, мүлкі ті сату сияқты түрлі әрекеттер үшін рұқсат рәсімдеуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияның арқасында өтінішті толтыру кезінде кейбір деректер автоматты түрде жүктеледі. Бұл өтініш беру үдерісін жеңілдетіп, қателік жасау ықтималдығын төмендетеді.

Қызметті пайдалану үшін:

– eGov Mobile мобильді қосымшасына кіріп, «Қызметтер» – «Жеңілдіктер, жәрдемақы және зейнетақы» бөлімін таңдау қажет; – «Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың мүлкіне иелік ету, шотына түскен

зейнетақыларды, жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді алуына рұқсат ету» қызметін таңдау; –өтініштегі қажетті жолдарды толтыру; –басқару түрін таңдап, тиісті ақпаратты толтырып, «Келесі» батырмасын басу; –қол қоюдың қолжетімді әдістерінің бірімен өтінішті растау қажет. Өтініш қаралғаннан кейін жеке кабинеттегі «Қызметті көрсету тарихы» бөлімінде электрондық түрде бұйрық немесе дөделді бас тарту көрсетіледі. Шешім бес жұмыс күні ішінде беріледі.

Қызмет eGov.kz порталында да қолжетімді. Іске қосылған сәттен бастап бұл қызметті 460-тан астам рет пайдаланды.

Қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі арасындағы ынтымақтастық аясында іске қосылды.

Жайна СЕЙДАХМЕТ, «ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.



ФЕРМЕРЛЕРДІ ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУ КҮШЕЙСІДІ СУБСИДИЯЛАУ ҚАҒИДАСЫ ӨЗГЕРДІ

Қазақстанда аграрлық секторды мемлекеттік қолдау тиімділігін арттыру бойынша жаңа шаралар қабылданды. Бұл туралы Жоғарғы аудиторлық палата мәлім етті.

2024 жылғы желтоқсанда Жоғарғы аудиторлық палата ауыл шаруашылығын субсидиялауға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізді. Аудит қорытындысы бойынша ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдаудың ашықтығы мен нәтижелілігін арттыруға бағытталған нақты тапсырмалар берілді. Осы тапсырмаларды орындау шеңберінде Ауыл шаруашылығы министрлігі бірқатар негізгі бастаманы іске асырды. Мәселен, ведомствоның 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспары жаңартылды. Ол жерді тұрақты пайдалануға және топырақ құнарлылығын қалпына келтіруге баса назар аудара отырып қайта қаралды. Көміртекті егіншілікті дамытудың жол картасы әзірленді, бұл экологиялық таза

өндіріске маңызды қадам болмақ.

— Кредиттер мен лизингті субсидиялау қағидалары өзектендірілді. Нормативтік құжаттарға өзгерістер енгізілді. Ескірген ережелер алынып тасталды, бұл реттеудің дәлдігін арттырып, фермерлердің қаржылық қолдауға қол жеткізуді жеңілдетеді, — делінген хабарламада.

Мал шаруашылығын қолдау шаралары түзетілді. Асыл тұқымды және селекциялық жұмыстарға субсидиялар алынып тасталды. Сонымен қатар тауық етіне мемлекеттік қолдау енді өнімді республика ішінде сату жағдайында ғана қолжетімді болады. Бұл еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша берілген басқа да тапсырмалардың орындалуы Жоғарғы аудиторлық палатаның бақылауында. Айта кетейік, агросубсидияны мақсатқа сай пайдалану тетігіне бақылау күшейеді.

Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ, kaz.inform.kz



болды. Алдағы уақытта сауда айналымын айтарлықтай арттырамыз. Бұған әлеуетіміз жетеді, – деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, қазір елімізде 4 мыңға жуық түрік компаниясы жұмыс істейді. Олармен бірлесіп, құны 6 миллиард доллар болатын бірқатар жоба жүзеге асырылған. Бұл жобалар энергетика, құрылыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым, медицина, туризм секілді маңызды салаларды қамтиды. Қазақстанның Түркияға салған инвестициясының көлемі 2,5 миллиард доллардан асты.

– Біз ашық әрі сенімді серіктес ретінде түрік инвесторларын қолдауға әрқашан дайынбыз. Сондықтан Түркия компанияларын ұзақ мерзімге арналған ірі жобаларға атсалысуға шақырамын. Көлік-логисти-

тыру мәселесін талқылады. «Turkiye Petroluim» компаниясының Қазақстан нарығында жұмыс істеуге ниеті бар. Біз мұны құптаймыз. Энергия көздерін әртараптандыру, жаңа электр станцияларын салу және басқа жобаларды жүзеге асыруға тәжірибесіне сүйеніп, инвестициялық мүмкіндіктерін пайдалануға мүдделіміз. Ірі жобаларды бірлесе жүзеге асыруға дайынбыз, – деді Мемлекет басшысы. Президент ауыл шаруашылығын тағы бір маңызды сала ретінде атады. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Түркияның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге субелі үлес қосып келе жатқанын атап өтіп, астық және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау мәселесі жан-жақты талқыланғанын жеткізді. Қазақстан ауыл

БАЛАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУЛЫҒЫ — БАСТЫ НАЗАРДА



Ойыл қазақ орта мектебінде «Сенім. Тірек. Кеңістік» тақырыбында оқыту семинары өтті. Оған білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметке жауапты әдіскерлер, мектеп директорлары, оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер, сынып жетекшілері және ата-аналар мен оқушылар қатысты. Іс-шара барысында «JAN AHUAL» психологиялық қолдау орталығы директорының орынбасары Арайлым Тоқсанбаева ұйымдастырылып отырған шараның маңыздылығына тоқталды. Семинар аясында «Үлкен-

дердің бірлігі баланы сақтайды», «Мобильді топ ережесі», «Бала қажеттілігінің дамуы және ата-ана рөлі», «Қазіргі оқушының психологиялық денсаулығы» сияқты бірнеше өзекті тақырыптар қамтылды. Семинарда психологиялық тұрақтылықты одан әрі арттырып, сенімді әрі қауіпсіз орта қалыптастыру, бала мен жасөспірімдерге психоэмоционалдық қолдау көрсету жолдары кеңінен талқыланып, қатысушылармен кері байланыс жүргізілді.

Сағымбек ҰЛЫҚПАНОВ, «JAN AHUAL» психологиялық қолдау орталығының баспасөз хатшысы.

ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮР МЕН АБАЙ МҰРАСЫ

Абай есімі – қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен рухани қайта жаңғыруының, қоғамның озық күштерінің өркеніеттілікке ұмтылысы мен әлеуметтік әділдіктің символы.
Зәки Ахметов



С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған мерейтойына орай «Ер Едіге» жыр мектебінің ұйымдастыруымен «Жыраулық дәстүр мен Абай мұрасы» жыр сағаты өткізілді.

Абай мұрасын дәріптеу, шығармашылығын терең таныту, оның поэзиясындағы рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттауды мақсат тұтқан шара негізінен жыраулар поэзиясы мен Абай мұрасы арасындағы тарихи-мәдени сабақтастықты ашып көрсету, оқушылар мен тыңдаушыларды поэзия мен жыр өнеріне қызықтыру, ұлттық мәдениетке құрметпен қарауға баулуды көздейді.

Ұлт руханиятының темірқазығына айналған хакім Абай - дәстүрлі жыраулық өнердің өнегелі жалғастырушыларының бірі. Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі әлемінің рухани темірқазығы. Ұлы ойшылдың қара сөздеріндегі терең философия, адам болмысына деген көзқарас ерекше. Ол «Толық адам» ұғымын қалыптастырып, ғылым-білімге, еңбек пен адамгершілікке шақырды. Ұлы ойшылдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген жүрекжарды сөз бүгінгі тәуелсіз ел ұрпағына да бағытталған үндеу секілді. Бұл мерейтой – Абайдың мәңгілік мұрасының, оның адамзаттық құндылықтарды насихаттауына биік тұлғасының жаңаша танылуына жол ашады.

Шара барысында «Ер Едіге» жыр мектебінің жырлары тыңдалды. Кешке арнайы білім саласының үздігі қазіргі таңда зейнеткер, ұстаз Құлы-

бек Мұнайтасов, аудандардан арнайы Әділші Шешен, Құрманғали Мұзбаев, Нұрдәулет мешітінің найб имамы, ұстаз Алмас, сонымен қатар қаламыздағы жеке кәсіпкерлер Райгүл Алдашова, Ғарифолла, Құрманай, кітапхана оқырмандары мен «Ер Едіге» жыр мектебінің ата-аналарымен зал лық толы болды.

Жыршы, «Ер Едіге» мектебінің жетекшісі Әділбек Сарин терең ойлы сөзімен, тыңдарманды өнер құдіретіне баурап қана қоймай, әр шәкіртінің өнер жолындағы жетістіктеріне жеке-жеке тоқталып, оқушыларының еңбектерін көпшілік қауымға үлгі етті. Жас жыршылардың әрқайсысы жыраулық дәстүрді жалғайтын өрендер екенін мақтанышпен атап өтті. Бұл шәкіртке деген сенім, тыңдарманға ой салған тағылымды сөттердің бірі болды. Жыршылар қоржындарындағы біраз құнды шығармаларды нақышына келтіре жырлап, көрерменнің көңіл пернесін тербеді.

Сонымен қатар Абай мұрасының бүгінгі күнмен үндестігі, Абайдың қара сөздері мен өлеңдеріндегі терең философия, тәрбие, білім, адамгершілік, әділет, еңбек туралы ойларының өзектілігі, «Толық адам» тұжырымы мен қазіргі қоғамдағы орны туралы әңгіме айтылды.

Кеш соңында көрермендер көрметтей жыр кешінен алған әсерлерімен бөлісіп, естелікке суретке түсті. Сондай-ақ, тұрақты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Шырайлым ҚҰДАСОВА, С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкері, Ақтөбе қаласы.

САЛМАҚТЫ СОҚПАҚТЫҢ САРДААРЫ

ДӘУІР МЕН ӨРКЕНИЕТ АЛМАСЫП КЕЛСЕ ДЕ, ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ГИППОКРАТ АНТЫНА АДАЛДЫҒЫ СОЛ КҮЙІНДЕ ҚАЛЫП ОТЫР. ОСЫНДАЙ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІН АРҚАЛАП, МЕДИЦИНА САЛАСЫНДА ЖЕМІСТІ ЕҢБЕК ЕТІП, ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫН ЖАЛҒАП КЕЛЕ ЖАТҚАН ТҰТАС ӘУЛЕТТЕР БАР. АТА-АНАНЫҢ ІЗІН ЖАЛҒАСТЫРУШЫ ҰРПАҒЫ ОЛАРҒА ЕЛІКТЕП, СОЛАРДЫҢ ЖҮРІП ӨТКЕН ЖОЛЫНАН ТАЙҒЫСЫ КЕЛМЕЙДІ.

Өсе келе болашақ мамандығын да сәйкесінше таңдайды. Аға буынның тәжірибесі ұрпағының жоғары білікті маман болуына ықпал етіп жатады. Осылайша белгілі бір салада династия пайда болады. Отбасылық кәсіби династия - алған білімінді, жылдар бойы жинақтаған тәжірибе мен шеберліктің құпиясын ұрпақтан-ұрпаққа сіңірумен ғана шектелмесе керек-ті. Оның атмосферасының өзі ерекше. Көп ретте ата-анасының жүріп өткен жолын балалары жалғастыруды қалайды. Сұлтан-гереевтер отбасында да осы үрдіс төртінші буынға ұласты. Бала күнінен ақ халаттылардың ортасында тәлім-тәрбие алған ұлдары да бүгіндері медицина саласында еңбек етіп келеді. Ал, бүгінгі әңгімеміз ақ халатты абзал жандардың династиясының қазіргі күні барысында тұрған Бақыт Сұлтангереев туралы болмақ...

Әңгімені әріден бастасақ, бұл әулетте дәрігерлік династия қалай басталды? Әрине, сөз Лұқпан ақсақалға тіреледі. Ол кісі 1931 жылы Орынбор қаласындағы Қазақ өлкелік медициналық техникумынан арнаулы білім алып шығады. Фелдшер мамандығын меңгерген жігітті Жиренқопа ауылына жібереді. Алты жыл сол аймақта еңбек еткен жас маман учаскелік фелдшерліктен емхана меңгерушісіне дейін баспалдақтан өтеді.

Өзінің басына билік бермейтін қоғам бір күнде Лұқпан «доқтырды» Өзбек ССР-ның Бұқара облысы Свердлов ауданының Бешрабад селосынан бір-ақ шығарды. Алдымен аудандық амбулаторияның меңгерушісі болып барған білікті маман фелдшерлік біліммен-ақ көп көшікпей Свердлов ауданының денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып шыға келеді. Оқу бітіргеннен кейінгі он жылы ішінде артылған сенімді ақтап, кез-келген мен деген маманмен иық шайқасына қатысады. Курск түбіндегі шайқаста ауыр жарақат алып, 6 ай емделіп, қайтадан майданға кірді. 1941-42 жылдары 350-ші танк бригадасының әскери фелдшері болып, кейіннен эвакуациялық госпиталдың әскери штаб бастығы болды. Соғыс аяқталған соң, 30 жылға жуық дәрігерлік қызметі Ойыл ауданында жалғасты. Оның ішінде үш жыл Ойыл аудандық атқару комитеті аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болды. 25 жылы Ақшатау, Қаракөмер аймағында өтті. Династияның дәуірін бастаған әкеге қандай құрмет көрсетсе де жарасады. Бірақ, Бақыт аға әкеге құрметті халыққа қызметпен ұштастырды. Осыдан 12 жыл бұрын әулетінің күшімен әкесі еңбек еткен Қаракөмер медициналық амбулаториясын қайта салып берді. Анасы Ынта Қараманова ұзақ жылдар бойы Ақшатау жетіжылдық, кейіннен Қаракөмер сегізжылдық мектебінде ұстаздық етіп, ауыл балалары әдебиет әлеміне жетеледі. Ал, осындай әкенің тәлімін көрген ұлдың дәрігер болмауы мүмкін бе? Бақыт Лұқпанұлы болса, бұл мамандықты аяқ астынан таңдағанын айтады. «Мектептің онын-

шы класында оқып жатқан кезіміз, Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Ақтөбе қалаларынан әртүрлі жоғары оқу орындарының оқытушылары Ойылға келіп, оқуға шақырды. Кезек Ақтөбе медицина институтына келгенде мен қалай қол көтергенімді байқамай қалдым», - дейді біздің кейіпкеріміз.

Тіпті қасындағы достарының «Дәрігер боласың ба?» деген сұраулы жүзі әлі күнге дейін көз алдымда дейді. Әскери қызметкер болуды аңсаған балалық арман бір күнде бытшыт болды. Барлық емтиханнан жақсы баға алып, әкенің жолын жалғауға ұмтылған жігіттің таңдауы – тағдырдың маңдайға «тәтті» жазғаны болды. Бүгінде дәрігерлер династиясының басында тұр. Сөйтіп, Лұқпан ақсақалдың салған жолын кейінгі екі буынға үлгі етіп келеді...

1974 жылы Ақтөбе медицина институтын емдеу ісі бойынша аяқтаған дәрігер кейіннен Ақтөбе облыстық клиникалық ауруханасында хирургиядан интернатура курсын бітіріп, туған жеріне дәрігер-хирург болып келді. Ойылда үш жыл ішінде бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасарына дейін көтерілген жігіт өзінің сүйікті кәсібіне шындап кірісті. 1978 жылы өзі білім алған Ақтөбе медицина институтының травматология, ортопедия және әскери-далалық кафедрасының клиникалық ординатурасына оқуға түсті. Яғни, облыстың аумағында өзінің «Бақыт Лұқпанұлы» деген есімін қалыптастырудың баспалдағы басталды. Ординатураны аяқтаған соң облыстық аурухананың жарақат бөлімінің дәрігері болса, кейіннен Ақтөбе медицина институтының травматология, ортопедия және әскери-далалық кафедрасының ассистенті қызметіне конкурстан өтті. Сол кафедрда әуелі ассистент болса, кейін доценті, курс меңгерушісі болып отырып, курс меңгерушісі болып өтті. Бүгінде аурухана ішінде өткен 50 жылдық еңбек жолы 75 жасқа жеткізді. Оның 35 жылын бүгінгі әріптестеріне дәріс беруі арнады. Жас буынға осы мамандықтың қыр-сырына үйретті. Бір басына жететін атақ-даңқы да бар. Әулеттегі Қзақстан Республикасының ұш «Денсаулық сақтау ісінің үздігінің» бірі. Ойыл ауданының құрметті азаматы. «Өзі жақсы адамға бір кісілік орын бар» дегендей, өмір жолында үнемі жақсы адамдар жолыққан Бақыт Лұқпанұлы, «Аурухананы өзімнің екінші үйім, әрі отбасымның бір бөлшегі деп санаймын. Өйткені дәл сол жерде өзімнің өмірлік серігім, балаларымның анасын жолықтырдым» - дейді. Оның жары Гүлзия Қибақшызы да мамандығы акушер-гинеколог. Алдына келген аналарды емдеуге барынша атсалысып, мамандығына адалдығынан айнымаған жан.

Еңбек жолын Ойыл аудандық ауруханасында бастап, кейін Ақтөбе қалалық перзентханасының дәрігері болып, әртүрлі бөлімшелердің меңгерушісі болды. 2000 жылы профессор Талшын Үкібасовпен бірігіп, «Асар» медициналық мекемесін ашып, халықтың сапалы медициналық қызмет алуына үлес қосты. Бақыт аға зейнеткерлікке шыққанымен қазір жұбайының қолымен құрған медициналық орталыққа жетекшілік етіп отыр.

Дәрігерлер династиясындағы Бақыт аға екінші буыны болса, бүгінде династия төртінші ұрпаққа ұласты. Үлкен немересі Назарбаев университетінің медицина ғылымы факультетін бітірді. Қазір АҚШ-на магистратураға түсті. Екінші немересі де Түркиядағы Ба-



язит университетінің екінші курсын бітірді. Яғни, ол да болашақ дәрігер. Қазіргі төртінші буынға ұласқан фелдшер Лұқпан ақсақалдан басталған дәрігерлер династиясында бұл кәсіпті екі дәрігер травматолог-ортопед, екі акушер-гинеколог, бір хирург, бір кардиохирург, бір терапевт, бір эндокринологтар жалғастырып келеді. Яғни, Бақыт ағаның әулетінде үш ұлы, екі келіні бәрі де дәрігер. Өзімен тете апасы да дәрігер болып еңбек етіп, құрметті демалыста. Марқұм жұбайы Гүлзия да дәрігер еді... Олардың жалпы еңбек етілі – 307 жыл. Сегіз дәрігердің ішінде үшеуі медицина ғылымдарының кандидаты болса, біреуі медицина ғылымының докторы және екеуі медицина ғылымдарының магистрі. Бірақ, Бақыт аға балаларының қай-қайсысына да дәрігер болуға кеңес бермейті. Балалардың адамзат үшін ең қадірлі мамандық – дәрігерлік кәсіпті жалғастыруы отбасындағы үлгі. Балалардың ұяда көргені. Бұл мамандықтың маңызын балаларына тәрбие арқылы ұғындыра алғаны деп ойлаймын. Соның нәтижесі – үш ұлдың үшеуі де дәрігер мамандығын таңдады. Тек қатардағы дәрігер емес. Үйдің үлкені – Ерлан әке жолын жалғап ортопед-травматолог болды. Травматология, ортопедия саласынан ғылыми кандидаттық диссертациясын қорғады.

Қазіргі таңда Астана қалалық ауруханасының ортохирургия бөлімшесінің меңгерушісі. Бір қызығы келіншегі Дина енесінің «топырағынан» жолықты. Яғни, акушер-гинеколог, медицина ғылымының магистрі. Ал, екінші ұл Ерлан да әке жолын жалғады. Марат Оспанов атындағы Ақтөбе медицина университетін үздік аяқтап, кейін сол оқу орнының госпиталды кафедрасының резидентурасын бітірді. Қатардағы дәрігерлікпен бастап облыстың бас хирургі сияқты бірнеше баспалдақтан өткен ол қазір облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы. Медицина ғылымының докторы. Ерланның келіншесі Гүлзия да дәрігер. Марат Оспанов атындағы Ақтөбе медицина университетінің оқу-тәрбие ісі жөніндегі проректоры.

Бір қызық жәйт Нұрланның мамандық таңдауында болыпты. Арман қуып Алматыда қаржы саласында оқығысы келеді. Әке алысқа барып оқығанын құптамапты. Сонда Нұрлан тұрып, «Дәрігер болам ба?» десе керек. Содан жоғары оқу орындарына құжат қабылдаудың аяқталуына бір күн қалғанда өзі құжаттарын Ма-

рат Оспанов атындағы Ақтөбе медицина университетіне тапсырыпты. Әкесі құсап, бір күнде дәрігер болуға шешім қабылдаған Нұрлан оны ойдағыдай аяқтап, Астана қаласындағы кардиохирургия орталығының резидентурасын бітірген. Ал, қазір Ақтөбе медициналық орталығында кардиохирург. Өмір жолын медицинамен ұштастырған Бақыт ағаның айтуынша, «Мамандықтың бәрі жақсы. Оның ішінде дәрігер – мамандық атаулы ішіндегі ең қасиеттісі, әрі абыройлысы. Дәрігер мамандығы – аса жауапкершілікті, шыдамдылықты, өз ісіне деген сүйіспеншілікті қажет ететін ұлы мамандық. Медицина маманы кәсіби деңгейін өмір бойы жоғарылатып отыруы тиіс. Асқан біліммен қатар дәрігерлік ынта, ниет, өз ісіне шынайы берілуі тиіс», – дейді ол. Бірақ, Бақыт аға «Өмірде екі рет қатты налыдым» - дейді. Біріншісінде ауруын меңдетіп алып, алдына келген адамға жасаған ем-шараларының бәрінің зия кеткеніне, екіншісінде өмірлік серігімен бірге жол-көлік оқиғасына түскенде көмек бере алмай, көз алдында өмірден өткеніне налығанымен мыңның алғысына беленген адам.

...Отыздың ортасындағы жігіт кезінде алдында шарасыз жатқан алпысты алқымдап қалған адамға жігер беріп, бір жылда аяғына тұрғызғаны өлі де жадынан шықпайды. Ойылдесе, бүйрегі бұрып тұрады. Ойылдықтардың алдына келіп, бірі баласының, бірі бауырының жағдайын айтқанда, бар шаруасын ысырып қойып қолұшын созғанын шапағатын көргендерден талай естідік. Өзі «Балаларыма Ойылдан бір адам шаруасын айтып келсе, көмек беріндер деп отырмамын» - дейді...

Дәрігер мамандығының қыр-сырын қанық біліп, анық сол жолды таңдау үшін үлкен жүрек керек. Өйткені, әрбір дәрігер маман адам өмірінің арашашысы. Сан талай сынақтармен сыналатын адам ауру жанына батқанда ең жақын адамға емес, ақ халатты жандардың көмегіне жүгінеді. Дәрігерге қамқорлықты сезгісі келіп, сеніммен барады. Осындай сенімді үлкен жауапкершілікпен атқарып келе жатқан Бақыт аға сөзімен де, ісімен де ауруға шипасын беріп, төңірегіне мейірімін төгіп, көңілдерге сәулесін сеуіп келеді. Гиппократқа берген анттымен бірге адами қасиетті бәрінен биік ұстайтын азаматтың өнегелі өмір жолының соқпағы осындай!

Сәрікбай ҚОЙБАҒАРОВ, Ойыл селосы.